

Қазақстан Республикасының Үкіметі туралы

Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 18 желтоқсандағы № 2688 Конституциялық заңы.

МАЗМҰНЫ

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша:

"Республика Үкіметі", "Республика Конституциясының", "Республиканың", "Республика Президенті", "Республика Премьер-Министрі", "Республика Президентіне", "Республика Үкіметінің", "Республика Президентінің", "Республика Конституциясында", "Республика Президентімен", "Республика Премьер-Министрінің", "Республика заңдарының", "Республика заңдарын", "Республика атқарушы", "Республика Үкіметіне", "Республика министрлігі" деген сөздер тиісінше "Қазақстан Республикасының Үкіметі", "Қазақстан Республикасы Конституциясының", "Қазақстан Республикасының", "Қазақстан Республикасының Президенті", "Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі", "Қазақстан Республикасының Президентіне", "Қазақстан Республикасы Үкіметінің", "Қазақстан Республикасы Президентінің", "Қазақстан Республикасының Конституциясында", "Қазақстан Республикасының Президентімен", "Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің", "Қазақстан Республикасы заңдарының", "Қазақстан Республикасының заңдарын", "Қазақстан Республикасы атқарушы", "Қазақстан Республикасының Үкіметіне", "Қазақстан Республикасының министрлігі" деген сөздермен ауыстырылды;

"Парламент Мәжілісінің", "Республика Парламенті Мәжілісінің", "Парламент Мәжілісі немесе Парламент", "Парламентке", "Парламент қабылдаған", "Парламент заңдарды", "Парламенттің", "Республика Парламентімен", "Парламент Мәжілісінде", "Парламент депутаттарының", "Парламентпен", "Парламент Мәжілісімен" деген сөздер тиісінше "Құрылтайдың", "Қазақстан Республикасы Құрылтайының", "Құрылтай", "Құрылтайға", "Құрылтай қабылдаған", "Құрылтай заңдарды", "Құрылтайдың", "Қазақстан Республикасының Құрылтайымен", "Құрылтайда", "Құрылтай депутаттарының", "Құрылтаймен", "Құрылтаймен" деген сөздермен ауыстырылды – ҚР 11.06.2026 № 305-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

Осы Конституциялық заң Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретін, ұйымдастырылуы мен қызметінің тәртібін белгілейді.

Ескерту. Тақырып пен кіріспе жаңа редакцияда – ҚР 1999.05.06. № 379 Конституциялық Заңымен.

I ТАРАУ. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мәртебесі

Үкімет алқалы орган болып табылады, Қазақстан Республикасының атқарушы билігін жүзеге асырады, атқарушы органдардың жүйесін басқарады және олардың қызметіне басшылық жасайды.

Ескерту. 1-бапқа өзгерту енгізілді – ҚР 2007.06.19. № 267 Конституциялық Заңымен

2-бап. Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметінің құқықтық негізі

Үкімет Қазақстан Республикасы Конституциясының, осы Конституциялық заңның, Қазақстан Республикасының заңдары мен өзге де нормативтік актілерінің негізінде және оларды орындау үшін іс-қимыл жасайды.

Ескерту. 2-бапқа өзгерту енгізілді – ҚР 1999.05.06. № 379 Конституциялық Заңымен

3-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрылуы, құрылымы және құрамы

1. Үкіметті Қазақстан Республикасының Президенті Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген тәртіппен құрады.

2. Үкіметтің құрылымы мен құрамы туралы ұсыныстарды Премьер-Министр тағайындалғаннан кейін он күн мерзімде Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Қазақстан Республикасының Президентіне енгізеді.

3. Үкіметтің құрылымын министрліктер құрайды.

4. Үкіметтің құрамына Үкімет мүшелері - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, оның орынбасарлары, министрлер және Қазақстан Республикасының өзге де лауазымды адамдары кіреді.

Ескерту. 3-бап жаңа редакцияда - ҚР 1999.05.06. № 379 Конституциялық Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 15.06.2017 № 75-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

3-1-бап. Қазақстан Республикасының Үкіметі мүшесінің ант беруі

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мүшесі Қазақстан Республикасының халқына және Президентіне мынадай мазмұнда ант береді:

"Қазақстан Республикасының халқы мен Президенті алдында өз Отаным - Қазақстан Республикасының экономикалық және рухани даму ісіне барлық күш-жігерім мен білімімді жұмсауға, мемлекеттің Конституциясы мен заңдарын қатаң сақтауға, өзімнің барлық іс-әрекетімде заңдылық пен әділеттік, азаматтық, ұлтаралық және конфессияаралық татулық принциптерін ұстануға, Қазақстан халқына адал қызмет етуге, өз елімнің мемлекеттілігі мен дүниежүзілік қоғамдастықтағы беделін нығайта беруге салтанатты түрде ант беремін. Ант етемін."

2. Үкімет мүшелерінің антын Қазақстан Республикасының Президенті өзі белгілейтін тәртіппен қабылдайды.

Ескерту. 3-1-баппен толықтырылды - ҚР 1999.05.06. № 379 Конституциялық Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 15.06.2017 № 75-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 11.06.2026 № 305-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

4-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілеттік мерзімі

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Құрылтайының өкілеттік мерзімі шегінде жұмыс істейді және жаңадан сайланған Құрылтай алдында өз өкілеттігін доғарады.

2. Үкіметтің өкілеттікті доғаруы оның мүшелерінің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің жаңа құрамы бекітілгенге дейін Қазақстан Республикасының Үкіметі өз міндеттерін атқара береді.

4. Үкімет осы Конституциялық заңның 5 және 6-баптарында көзделген Үкімет орнынан түскен және өкілеттігін тоқтатқан жағдайларда да өз өкілеттігін доғарады.

Ескерту. 4-бап жаңа редакцияда - ҚР 15.06.2017 № 75-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 11.06.2026 № 305-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

5-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің орнынан түсуі

1. Егер өздеріне жүктелген функцияларды одан әрі жүзеге асыру мүмкін емес деп санайтын болса, Үкімет және оның кез-келген мүшесі Қазақстан Республикасының Президентіне өзінің орнынан түсуі туралы мәлімдеуге хақылы. Үкімет жүргізіп отырған саясатпен келіспейтін немесе оны жүргізбей отырған Үкімет мүшелері де орнынан түседі.

2. Қазақстан Республикасының Конституциясында көзделген жағдайларда Құрылтай Үкіметке сенімсіздік білдіретін болса, Үкімет өзінің орнынан түсуі туралы Қазақстан Республикасының Президентіне мәлімдейді. Қазақстан Республикасының Президенті орнынан түсуді қабылдау немесе қабылдамау туралы мәселені он күн мерзімде қарайды.

3. Орнынан түсуді қабылдау Үкіметтің немесе оның тиісті мүшесінің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді. Премьер-Министрдің орнынан түсуін қабылдау бүкіл Үкіметтің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді.

4. Үкіметтің немесе оның мүшесінің орнынан түсуі қабылданбаған кезде Қазақстан Республикасының Президенті оған міндеттерін одан әрі атқаруды тапсырады.

Ескерту. 5-бапқа өзгерту енгізілді – ҚР 1999.05.06. № 379, 2007.06.19. № 267; 11.06.2026 № 305-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық Заңдарымен.

6-бап. Қазақстан Республикасы Президентінің бастамасымен Қазақстан Республикасы Үкіметінің өкілеттігін тоқтату

1. Қазақстан Республикасының Президенті өз бастамасымен Үкіметтің өкілеттігін тоқтату туралы шешім қабылдауға және оның кез-келген мүшесін қызметінен босатуға хақылы.

2. Премьер-Министрдің қызметінен босатылуы бүкіл Үкіметтің өкілеттігі тоқтатылғанын білдіреді.

2-1. Үкімет жүргізіп отырған саясатпен келіспейтін немесе оны жүргізбей отырған Үкімет мүшелері атқарып келген қызметінен босатылуға тиіс.

Ескерту. 6-бапқа өзгерту енгізілді – ҚР 1999.05.06. № 379 Конституциялық Заңымен

7-бап.

Ескерту. 7-бап алып тасталды – ҚР 2007.06.19. № 267 Конституциялық Заңымен.

8-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құрамында болуға байланысты шектеулер

Қазақстан Республикасының Үкіметі мүшелерінің:

1) өкілді органның депутаттары болуға;

2) оқытушылық, ғылыми, шығармашылық қызметтерден басқа ақы төленетін қызметтер атқаруға;

3) кәсіпкерлікпен шұғылдануға;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзінің лауазымдық міндеті болатын жағдайларды қоспағанда, коммерциялық ұйымның басқарушы органының немесе байқаушы кеңесінің құрамына кіруге құқығы жоқ.

Ескерту. 8-бапқа өзгерту енгізілді – ҚР 19.06.2007 № 267; 11.06.2026 № 305-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

II ТАРАУ. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті, актілері, есептілігі және жауапкершілігі

9-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыреті

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің негізгі бағыттарын әзірлейді және олардың жүзеге асырылуын ұйымдастырады;

2) алып тасталды – ҚР 19.04.2023 № 222-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен;

3) әлеуметтік-экономикалық даму болжамын мақұлдайды;

4) Қазақстан Республикасының сыртқы саясатын жүргізу жөніндегі шараларды тұжырымдайды;

5) Құрылтайға республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы есепті ұсынады, бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді;

5-1) Республикалық бюджет комиссиясын құрады, ол туралы ережені бекітеді, оның құрамын айқындайды;

5-2) Қазақстан Республикасының Президентімен келісу бойынша мемлекеттік жоспарлау жүйесін айқындайды;

5-3) республикалық бюджеттің атқарылуы туралы жылдық есепті жасау және ұсыну тәртібін айқындайды;

6) Қазақстан Республикасының қаржы жүйесін нығайту жөніндегі шараларды әзірлейді және жүзеге асырады; мемлекеттік валюта, қаржы ресурстары мен материалдық ресурстарды жасақтау және пайдалану кезінде заңдылықтың сақталуын мемлекеттік бақылауды қамтамасыз етеді;

7) алып тасталды – ҚР 19.04.2023 № 222-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен;

8) мемлекеттік баға белгілеу саясатын тұжырымдайды; мемлекет реттейтін бағалар қолданылатын өнімдер, тауарлар және көрсетілетін қызметтер номенклатурасын белгілейді;

9) мемлекеттік меншікті басқаруды ұйымдастырады, оны пайдалану жөніндегі шараларды тұжырымдайды және жүзеге асырады, мемлекеттік меншік құқығын қорғауды қамтамасыз етеді;

10) еңбекке ақы төлеу, азаматтардың әлеуметтік қорғалуы, мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру мен әлеуметтік сақтандыру жүйесін және шарттарын қалыптастырады;

10-1) Қазақстан Республикасының Президентімен келісу бойынша мемлекеттік бюджет есебінен қамтылатын барлық органдар үшін қаржыландырудың және қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесін бекітеді;

11) мемлекеттік өңірлік саясаттың негізгі бағыттарын тұжырымдайды; өңіраралық проблемалар мен өңірлердің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелерін шешуді қамтамасыз етеді;

12) ғылым мен техниканы дамыту, жаңа технологияларды енгізу жөніндегі мемлекеттік саясатты қалыптастырады;

13) табиғи ресурстар мен қоршаған табиғи ортаны ұтымды пайдалануды және қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды әзірлейді және жүзеге асырады;

14) құқықтық саясаттың іске асырылуын қамтамасыз етеді; азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын сақтау және қорғау, заңдылық пен құқық тәртібін, Қазақстан Республикасының қауіпсіздігі мен қорғаныс қабілетін, Қазақстан Республикасының аумақтық тұтастығын және мемлекеттік шекараларының күзетілуін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды әзірлейді және іске асырады;

15) келіссөздер жүргізу және үкіметаралық келісімдерге қол қою туралы шешімдер қабылдайды; Қазақстан Республикасының шет мемлекеттермен, халықаралық және өңірлік ұйымдармен өзара қарым-қатынасын дамытуды қамтамасыз етеді; сыртқы экономикалық саясатты іске асыру жөніндегі шараларды тұжырымдайды; сыртқы сауданы дамыту жөнінде шаралар қолданады; халықаралық қаржы ұйымдарымен ынтымақтастықты және өзара іс-қимыл жасауды жүзеге асырады;

16) өзіне Конституциямен, заңдармен және Президент актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

Ескерту. 9-бап жаңа редакцияда - ҚР 29.09.2014 № 238-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР 15.06.2017 № 75-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 03.07.2017 № 85-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 222-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.07.2024 № 109-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 11.06.2026 № 305-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

10-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілері

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы Конституциясының, заңдарының, Президент актілерінің, өзге нормативтік құқықтық актілердің негізінде және оларды орындау үшін нормативтік және жеке қаулылар шығарады.

Халықтың өмірі мен денсаулығына, конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіпті сақтауға, елдің экономикалық қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларға жедел деңгейде мақсатында заң жобалары Құрылтайға енгізілген жағдайда, Үкіметтің заң күші бар уақытша қаулыларын Қазақстан Республикасының Үкіметі өз жауапкершілігімен қабылдауға құқылы, олар Құрылтай қабылдаған заңдар күшіне енгенге дейін немесе Құрылтай заңдарды қабылдамай тастағанға дейін қолданыста болады.

2. Үкімет қаулылары Үкімет мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Үкімет қаулыларына Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі қол қояды.

Үкіметтің заң күші бар уақытша қаулылары Үкімет мүшелері жалпы санының үштен екісінің даусымен қабылданады.

3. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі өкімдер шығарады. Премьер-Министрдің өкімдері әкімшілік-өкімдік, жедел және жеке-дара сипаттағы мәселелер бойынша шығарылады.

4. Өздерінің құзыреті шегінде қабылданған Үкіметтің заң күші бар уақытша қаулыларының, Үкімет қаулылары мен Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі өкімдерінің Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында міндетті күші болады.

5. Үкімет қаулылары мен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімдері Қазақстан Республикасы Үкіметінің Регламентінде белгіленген тәртіппен әзірленеді және қабылданады.

5-1. Үкіметтің заң күші бар уақытша қаулылары "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде айқындалатын тәртіппен әзірленеді және қабылданады.

6. Үкімет қаулыларының күшін Қазақстан Республикасының Үкіметі жоя алады.

7. Премьер-Министр өкімдерінің күшін Қазақстан Республикасының Үкіметі және Премьер-Министрі жоя алады.

Ескерту. 10-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1999.05.06. № 379, 2007.06.19. № 267; 15.06.2017 № 75-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 05.11.2022 № 156-VII (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 11.06.2026 № 305-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

11-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің есептілігі мен жауапкершілігі

1. Үкімет өзінің қызметінде Конституцияда және осы Конституциялық заңда белгіленген нысандарда Қазақстан Республикасы Президентінің және Құрылтайдың алдында жауапты.

2. Үкімет мүшелері өз құзыретінің шегінде өз бетінше шешім қабылдайды, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің алдында өздеріне бағынысты мемлекеттік органдардың жұмысы немесе өздеріне тапсырылған жұмыс аясы үшін дербес жауап береді.

3. Алып тасталды - ҚР 15.06.2017 № 75-VI Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

4. Қазақстан Республикасы Конституциясы 56-бабының 17) тармақшасында көзделген жағдайда Үкімет мүшелері Құрылтайға есеп береді.

Ескерту. 11-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1999.05.06. № 379, 2007.06.19. № 267; 15.06.2017 № 75-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 11.06.2026 № 305-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

III ТАРАУ. Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекеттік органдармен қарым-қатынасы

12-бап. Қазақстан Республикасының Президентімен қарым-қатынасы

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Президент тапсырмаларының орындалуы және өз қызметінің басқа да бағыттары туралы Президентке тұрақты түрде ақпарат беріп отырады;

2) Қазақстан Республикасының Президенті актілерінің орындалуын ұйымдастырады және оларды министрліктер мен жергілікті атқарушы органдардың орындауын бақылауды жүзеге асырады.

2. Алып тасталды – ҚР 05.07.2024 № 109-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

3. Алып тасталды – ҚР 19.04.2023 № 222-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

Ескерту. 12-бап жаңа редакцияда - ҚР 15.06.2017 № 75-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 19.04.2023 № 222-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.07.2024 № 109-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен

13-бап. Қазақстан Республикасының Құрылтайымен қарым-қатынасы

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң шығару бастамашылығы құқығы болады, ол тек қана Құрылтайдың жүзеге асырылады. Заң жобасын енгізу туралы шешім Үкіметтің тиісті қаулысын шығару арқылы қабылданады.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) Қазақстан Республикасы заңдарының орындалуын қамтамасыз етеді, оларды министрліктердің және жергілікті атқарушы органдардың орындауын бақылайды;

2) Құрылтайға республикалық бюджетті және оның атқарылуы туралы есепті табыс етеді;

3) мемлекеттік кірісті қысқартуды немесе мемлекеттік шығысты ұлғайтуды көздейтін Қазақстан Республикасы заңдарының жобалары жөнінде қорытындылар береді;

4) Құрылтай депутаттарының сұрауларына жауап береді.

Ескерту. 13-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1999.05.06. № 379 Конституциялық Заңымен; 15.06.2017 № 75-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 11.06.2026 № 305-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

14-бап. Министрліктермен қарым-қатынасы

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) министрліктердің қызметіне басшылықты жүзеге асырады, олардың Қазақстан Республикасының заңдарын, Президентінің және Үкіметінің актілерін орындауын қамтамасыз етеді;

2) министрлердің ұсынуы бойынша министрліктер туралы ережелерді, олардың аумақтық органдарындағы және өздеріне ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелердегі адам санын ескере отырып, солардың штат санының лимиттерін бекітеді ;

3) министрліктер актілерінің толық немесе бір бөлігінде күшін жояды немесе қолданылуын тоқтата тұрады;

4) сыртқы істер, қорғаныс, ішкі істер министрлерінің орынбасарларын қоспағанда, министрлердің ұсынуы бойынша олардың орынбасарларын қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

5) өзіне Қазақстан Республикасының Конституциясымен, заңдарымен және Президентінің актілерімен жүктелген өзге де функцияларды орындайды.

Ескерту. 14-бап жаңа редакцияда - ҚР 15.06.2017 № 75-VI Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

15-бап.

Ескерту. 15-бап алып тасталды – ҚР 2007.06.19. № 267 Конституциялық Заңымен.

16-бап. Жергілікті атқарушы органдармен қарым-қатынасы

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1) мемлекеттік басқару мәселелері жөніндегі Қазақстан Республикасы атқарушы органдарының қызметіне басшылықты жүзеге асырады, олардың Қазақстан Республикасының заңдарын, Президенті мен Үкіметінің актілерін орындауын бақылайды;

2) жергілікті атқарушы органдар актілерінің күшін толығымен немесе бір бөлігінде жояды не тоқтата тұрады, оларды жою не тоқтата тұру туралы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына ұсыныстар енгізеді;

2. Тиісті жергілікті атқарушы органдарды басқаратын әкімшілік-аумақтық бөліністердің әкімдері Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің өкілдері болып табылады және Қазақстан Республикасының Үкіметіне мемлекеттік басқару мәселелері жөнінде ұсыныстар енгізеді.

17-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің республикалық бюджеттен қаржыландырылатын өзге де мемлекеттік органдармен қарым-қатынасы

Қазақстан Республикасының Үкіметі заңдарда белгіленген тәртіппен өзге де, соның ішінде республикалық бюджеттен қаржыландырылатын, арнаулы мемлекеттік органдардың қызметін қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету мәселелерін шешеді.

IV ТАРАУ. Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қызметін ұйымдастыру

18-бап. Қазақстан Республикасы Үкіметінің отырыстары

1. Үкіметтің отырыстары айына кемінде бір рет өткізіліп отырады.

2. Үкіметтің отырыстарын Премьер-Министр не Қазақстан Республикасының Президенті шақырады.

3. Үкіметтің отырыстарында Премьер-Министр төрағалық етеді, ол болмаған кезде міндеттердің бөлінуіне сәйкес Премьер-Министрдің міндетін атқаратын Премьер-Министрдің орынбасары төрағалық етеді. Үкімет ерекше маңызды мәселелерді қараған кезде қажеттігіне қарай оның отырыстарында Қазақстан Республикасының Президенті төрағалық етеді.

4. Үкімет мүшелерінің кемінде үштен екісі Үкімет отырысына қатысса, отырыс құқылы болып саналады. Үкімет мүшелері оның отырыстарына алмастыру құқығынсыз қатысады.

5. Үкімет отырыстары ашық болады. Президенттің не Премьер-Министрдің бастамасымен Үкіметтің жабық отырыстары өткізілуі мүмкін.

6. Үкімет отырыстарын әзірлеу мен өткізу тәртібі Үкімет Регламентімен белгіленеді

Ескерту. 18-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 15.06.2017 № 75-VI Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

19-бап. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі

1. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі:

1) Үкіметтің жұмысын ұйымдастырады және Үкімет мүшелерінің арасында функционалдық міндеттерді бөледі;

2) Қазақстан Республикасының Президентімен, Құрылтаймен, Қазақстан Халық Кеңесімен, Конституциялық Сотпен, Жоғарғы Сотпен, Бас прокуратурамен және басқа да мемлекеттік органдармен қарым-қатынастарда Үкімет атынан өкілдік етеді немесе Үкімет атынан өкілдік етуді тапсырады;

3) халықаралық қатынастарда Үкімет атынан өкілдік етеді немесе Үкімет атынан өкілдік етуді тапсырады және үкіметаралық шарттар мен келісімдерге қол қояды;

4) Қазақстан Республикасының Президентіне: Үкіметтің құрылымы мен құрамы туралы; сыртқы істер, қорғаныс, ішкі істер министрлерін қоспағанда, Құрылтаймен консультациялардан кейін Үкімет мүшелерін қызметке тағайындау үшін кандидатуралар жөнінде; сыртқы істер, қорғаныс, ішкі істер министрлерін қоспағанда, Үкімет мүшесін, оның ішінде Үкіметтің жүргізіп отырған саясатымен келіспейтін немесе оны жүргізбейтін Үкімет мүшесін қызметтен босату туралы ұсынулар енгізеді;

5) Қазақстан Республикасының Президентімен мемлекеттік бюджет есебінен қамтылатын барлық органдар үшін қаржыландырудың және қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеудің бірыңғай жүйесін келіседі;

6) Үкімет қызметінің негізгі бағыттары жөнінде және оның аса маңызды барлық шешімдері жөнінде Президентке және Құрылтайға баяндап отырады;

7) Үкімет мүшелерінің және жергілікті атқарушы органдар басшыларының есептерін тыңдайды;

8) Үкімет жанындағы консультациялық-кеңесші органдарды құрады және таратады;

9) Үкіметтің қызметін ұйымдастыруға және оған басшылық жасауға байланысты басқа да функцияларды орындайды.

2. Премьер-Министр болмаған жағдайда оның міндеттерін Премьер-Министр белгілеген тәртіппен Премьер-Министрдің орынбасарларының бірі атқарады.

Ескерту. 19-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1999.05.06 № 379 Конституциялық Заңымен, 2004.11.24 № 604 (01.01. 2005 бастап күшіне енеді) Заңымен, 2007.06.19 № 267; 29.09.2014 № 238-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 15.06.2017 № 75-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 05.11.2022 № 156-VII (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 11.06.2026 № 305-VIII (01.07.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

20-бап. Премьер-Министрдің орынбасарлары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің өзге де мүшелері

1. Премьер-Министрдің орынбасарлары өз қызметін Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі белгілейтін міндеттердің бөлінуіне сәйкес жүзеге асырады.

2. Үкімет мүшелері:

1) тиісті мемлекеттік органдарға басшылықты жүзеге асырады;
2) өздеріне қатысты басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік органдардың тиісті салаларда мемлекеттік саясатты қалыптастыруын қамтамасыз етеді;

3) заңнамада көзделген шекте салааралық үйлестіруді қамтамасыз етеді;

4) өз құзыреті шегінде шешімдер қабылдауда дербес болады;

5) Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің алдында өздеріне бағынышты мемлекеттік органдардың жұмысы үшін дербес жауап береді;

6) тиісті мемлекеттік органдардың қарауындағы мемлекеттік басқару саласындағы (аясындағы) істің жайына және заңдардың, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі актілерінің орындалуын қамтамасыз ету үшін жауапты.

3. Министрліктердің басшылары болып табылмайтын Үкімет мүшелері өз қызметін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін олар туралы ережелерге сәйкес жүзеге асырады.

Ескерту. 20-бап жаңа редакцияда - ҚР 1999.05.06. № 379 Конституциялық заңымен; өзгерістер енгізілді - ҚР 2007.06.19. № 267; 15.06.2017 № 75-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 05.07.2024 № 109-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

21-бап.

Ескерту. 21-бап алып тасталды – ҚР 1999.05.06. № 379 Конституциялық Заңымен.

21-1-бап. Министрліктің жауапты хатшысы

Ескерту. 21-1-бап алып тасталды – ҚР Конституциялық заңымен 30.12.2020 № 392-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

22-бап. Қазақстан Республикасының министрлігі

1. Министрлік Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік басқару саласына (аясына) – басшылықты, сондай-ақ заңнамада көзделген шектерде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық атқарушы органы болып табылады.

Министрлік өз құзыреті шегінде стратегиялық, реттеу, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асырады.

Министрлік Қазақстан Республикасының Президенті айқындаған мемлекеттің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттары және Қазақстан Республикасының Үкіметі әзірлеген мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясатының, оның қорғаныс қабілетінің, қауіпсіздігінің, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етудің негізгі бағыттары

негізінде және оларды орындау үшін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тиісті салаларда мемлекеттік саясатты қалыптастырады.

2. Министрлікті Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының Президенті құрады, қайта ұйымдастырады және таратады.

2-1. Министрлік Қазақстан Республикасы Үкіметінің құзыретіне жатқызылмаған мәселелер бойынша өз құзыреті шегінде шешімдерді өз бетінше қабылдауға өкілетті.

2-2. Ведомстволар, департаменттер және басқармалар министрліктің құрылымдық бөлімшелері болып табылады.

Үкімет құрамына кіретін құқық қорғау органдары үшін, мемлекеттік қызметтің ерекше түрі ескеріле отырып, қызметтер құруға жол беріледі.

Министрліктің құрылымын және оның құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді министр бекітеді.

Министрлік қызметтерінің, департаменттері мен басқармаларының жиынтығы оның аппараты болып табылады.

3. Министрліктің алқасы министрдің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады. Алқаның сандық және адам құрамын министрліктің, мемлекеттік комитеттің құрылымдық бөлімшелері басшыларының қатарынан министр бекітеді.

4. Министрлік, қабылдаған шешімдер министрдің бұйрықтарымен ресімделеді.

Ескерту. 22-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 1999.05.06 № 379 Заңымен; 2007.06.19 № 267; 29.09.2014 № 238-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2020 № 392-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.11.2022 № 156-VII (01.01.2023 бастап қолданысқа енгізіледі); 19.04.2023 № 222-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.07.2024 № 109-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

23-бап. Үкіметтің құрамына кірмейтін орталық атқарушы орган

Ескерту. 23-бап алып тасталды - ҚР 15.06.2017 № 75-VI Конституциялық заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

24-бап. Орталық атқарушы органның ведомствосы

1. Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органының комитеті ведомство болып табылады.

Ведомствоның аумақтық бөлімшелері болуы мүмкін.

2. Ведомствоны тиісті орталық атқарушы орган басшысының ұсынуымен Қазақстан Республикасының Үкіметі құрады, қайта ұйымдастырады және таратады.

3. Ведомство басшысын тиісті орталық атқарушы органның басшысы қызметке тағайындайды және қызметтен босатады.

4. Ведомство Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органының құзыреті шегінде реттеу, іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыра алады,

сондай-ақ орталық атқарушы органның стратегиялық функцияларын орындауға ведомствоның құзыреті шегінде қатыса алады.

5. Ведомство шығаратын актінің нысаны ведомство басшысының бұйрығы болып табылады.

Ведомствоның актілерін толығымен не бір бөлігінде күшін жоюды не тоқтата тұруды құрылымына ведомство кіретін орталық атқарушы органның басшысы жүзеге асырады.

6. Ведомство құрылымын тиісті орталық атқарушы органның басшысы бекітеді. Ведомствоның құзыретін және өзге мемлекеттік органдармен өзара іс-қимыл жасау тәртібін құрылымына осы ведомство кіретін орталық атқарушы органның басшысы айқындайды.

Ескерту. 24-бап жаңа редакцияда - ҚР 2007.06.19 № 267 Конституциялық Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 № 238-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.12.2020 № 392-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңымен.

25-бап. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі мен Үкіметінің қызметін ақпараттық-талдау және ұйымдық-құқықтық жағынан қамтамасыз ету

1. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі мен Үкіметінің қызметін ақпараттық-талдамалық және ұйымдық-құқықтық жағынан қамтамасыз етуді Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппараты жүзеге асырады.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппаратын құру, қайта ұйымдастыру және тарату тәртібі, Қазақстан Республикасының Үкіметі Аппараты басшысының және оның өзге де мемлекеттік қызметшілерінің құқықтық жағдайы, оларды лауазымдарға тағайындау мен лауазымдарынан босатудың тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

Ескерту. 25-бап жаңа редакцияда – ҚР 06.05.1999 № 379; өзгеріс енгізілді – ҚР 19.04.2023 № 222-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Конституциялық заңдарымен.

26-бап. Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы консультативтік-кеңесші органдар

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы комиссиялар, кеңестер мен консультативтік-кеңесші органдар Үкімет құзыретіне жататын мәселелер бойынша ұсыныстарды талдап жасау үшін құрылады.

2. Консультативтік-кеңесші органдарды Премьер-Министр, оның орынбасарлары, Үкімет мүшелері басқарады.

3. Үкімет жанындағы консультативтік-кеңесші органдардың шешімдері ұсынымдық сипатта болады.

27-бап. Осы Конституциялық заңның күшіне енгізілу тәртібі

Осы Конституциялық заң жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК